Білім алудың жолы

Жоғары білімнің дамуының негізгі үрдісі болып, білімге мемлекеттік монополиядан бас тарту, білім беру саласын басқаруды қатаң орталықтандырудың алынып тасталуы және ЖОО қызметін қатаң реттеу саналды. Нәтижесінде жоғары білімнің бәсекелестіктің заңы бойынша дамитын, білім беру қызметі нарығының құрылуына куәлік ететін мемлекеттік емес секторы тең жағдайда дами бастады. Мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттерді ақылы түрде оқытуға қабылдай бастады. Осылайша, жоғары білімді қаржыландыру көзі әртараптандырылды.

Болон декларациясына қол қоя отырып, еліміз бірыңғай, жаһандық білім беру кеңістігін құруға негізделген еуропалық қауымдастықтың үндеуін қабыл алды. Осы ойды іске асыру үшін мамандарды үш кезең бойынша дайындау жүйесі енгізілді: бакалавриат, магистратура, докторантура; Дублиндік дескрипторлармен сәйкестендіре отырып силлабустар мен білім беру бағдарламаларын жасау жүзеге асырылуда; біліктіліктің Ұлттық шеңбері құрылды; студенттер мен оқытушылар құрамының академиялық мобильділігі бағдарламасы енгізілді. Елдің алдыңғы қатарлы 10 жоғары оқу орындарында әріптестік басқару қағидасы енгізілді. Білімді, ғылым мен инновацияны интеграциялау жоғары оқу орындарының бизнес-сектормен, өндіріспен өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары білім берудің көпдеңгейлі құрылымының қалыптастырылуы тігінен көпсатылылықты және көлденеңінен альтернативтілікті, мамандарды дайындаудың икемділігін қамтамасыз етуге, оның әмбебаптылығын қалыптастыруға бағытталған. Елімізде жоғары білім берудің бұл көпсатылы құрылымы сатылар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, олардың арасындағы тиімді байланысты құру, білім беру бағдарламаларын біртұтас білім кеңістігіне бейімдеу, «бакалавр», «маман», «магистр» сияқты әрбір сатыдағы кәсіби білімнің аяқталғандығының анықтылығы мақсатында ары қарай жетілдіруді қажет етеді.

2004 жылдан бастап еліміздің жоғары білім беру жүйесіне Халықаралық стандартты білім классификациясымен сәйкестендірілген бакалавриат пен магистратура мамандықтарының Классификаторы енгізілді. Ол келесілерге мүмкіндік береді:

- *білім беру бағдарламаларын халықаралық талаптармен сәйкестендіру;*
- *әр түрлі білім деңгейлерінің білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қалыптастыру;*
- *білім беру бағдарламаларын еңбек нарығына бейімдеу;*
- *мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарында біліктілік үлгісін қолдану;*
- *білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын унификациялау арқылы студенттердің мобильділігін арттыру;*
- *жоғары оқу орындарында білім алушы тұлғаларға білім беру бағдарламаларын таңдауда академиялық еркіндік беру.*

Ары қарай білім беру қызметінің сапасын бақылау жүйесі дамиды. Лицензиялау және мемлекеттік аттестациялау процедуралары жетіледі. Сапаны бақылаудан білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесіне өту жүзеге асырылады. Мұндай жүйенің негізгі құралы болып білім беруді ұйымдастыруды аккредитациялау болып табылады. Қазіргі уақытта еліміздегі жоғары оқу орындарын аккредитациялауға дайындық жүргізілуде. Аккредитациялаудың отандық үлгісі халықаралық стандарттар мен аккредитация критерийлерін ескеретіндігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар халықаралық агенттіктердің аккредитациясынан өтіп жатқан жоғары оқу орындары бар. Бұл – мақтанарлық жағдай.

Қазіргі таңда заманауи ұлттық білім беру жүйесінің дамуы халықаралық стандарттарды қолдануға сүйенеді деп сенімділікпен айтсақ болады. Көптеген отандық университеттер белсенді түрде

[illegible] дистанционды оқыту және экстернат түрінде оқу формалары.

Білім беру орындары қазіргі кезде үш түрге бөлінеді: классикалық университет, профильді университет немесе академия, сонымен қатар институттар.

Болон процесі университеттің білім беруін ұдайы даму мен өзін-өзі жетілдіруді талап ететін заманауи технологиялық қажеттілікке сәйкес құруға мүмкіндік береді. Сондықтан да еліміз 2013 жылы университеттердің Ұлы Хартиясына, 2010 жылы Болон декларациясына қол қойды.

Болон процесінің артықшылығы – престижді еуропалық университеттердің халықаралық білім беру бағдарламаларына қолжетімділікті арттыру. Барлық академиялық дәреже мен өзге де біліктілік олардың жоғары бәсекелік қабілетіне байланысты болғандықтан, түлектердің жұмысқа сәтті орналасуы, студенттер мен оқытушылардың мобильділігін арттыру, сонымен қатар Болон процесіне

[illegible] интернационалды рух, әлемнің топ-100 университеті қатарында жоғары бәсекеге қабілеттілікке ұмтылу, сонымен қатар білім мен ғылымның бөлінбейтіндігі қағидасына адалдық. Ұлттық экономиканы инновациялық дамытудың негізгі факторы ретінде адам капиталы рөлінің артуы әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесінсіз мүмкін емес.

Дамыған елдер тәжірибесіне сәйкес, елдің бір миллион халқына бірден алтыға дейін жоғары оқу орындарының болуы білім беру жүйесінің сәттілігінің кепілі және экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің объективті талабы бола алады.

Елімізде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсететін 127 жоғары оқу орны қызмет етеді. Олардың 44%-ы жекеменшік болып табылады. 2014 жылғы білім алушылар саны 2013 жылмен салыстырғанда 49839-ға азайып, 477387 адамды құраған. Ал 2015

[illegible] болады. Демографиялық үрдістер айтарлықтай деңгейде студенттердің бір жоғары оқу орнына шаққандағы орташа санына әсер етті. Жоғары білім мен одан кейінгі сатылы білім жүйесінде білім алушылардың максималды саны 2014 жылы Алматы қаласында *(133736)* және Оңтүстік Қазақстан облысында *(70121)* тіркелді. Ең аз саны Маңғыстау облысында *(3815)* және Солтүстік Қазақстан облысында *(4851)* тіркелді. Аталған көрсеткіштер тек қана халық тығыздығымен ғана емес, ішкі және сыртқы миграциямен де, аймақтағы жоғары оқу орындары санымен де түсіндіріледі. Дегенмен, Алматы қаласы *(-14755)* мен Маңғыстау облысы *(-34%)* жоғары оқу орындарында студенттер санының төмендеуі байқалады. Ал студенттер санының артуы тек Шығыс Қазақстан облысында ғана байқалады.

Білім берудің меншіктілігі формалары бойынша жоғары оқу орындарындағы студенттер саны жөніндегі мәліметтер мынаны көрсетеді: олардың 48,3%-ы мемлекеттік жоғары оқу орындарында, 50,3%-ы жекеменшік, ал 1,3%-ы өзге мемлекеттер меншігі саналатын жоғары оқу орындарында білім алады.

2013 жылдан 2015 жылға дейінгі студенттер санын талдау мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттерінің 0,8%-ға азайып, жекеменшік жоғары оқу орындары студенттерінің 0,7%-ға артқанын көрсетеді. Алайда 2014 жыл мен 2015 жылдың көрсеткіштерін салыстырғанда, жекеменшік ЖОО студенттерінің 0,7%-ға кеміп, мемлекеттік ЖОО студенттерінің 0,6%-ға артқаны байқалады. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімді ұйымдастырудың типтік ережелері студенттерді кәсіби оқыту бағдарламалары бойынша сырттай

[illegible] студенттер үлесі 27,3%-ды құраған. Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, кейбір жоғары оқу орындары сырттай және іштей оқу формасы бойынша білім алушылар қатынасы нормадан асып түседі.

Жекелей жоғары оқу орындарында сырттай білім алушылар басым. Қазақ тілді білім алатын студенттер үлесі 60,4%-ды құрайды, орыстілді білім алушылар 37,0%-ды құраса, өзге тілді білім алушылар 2,6%-ды құрайды. 2014 жылмен салыстырғанда мемлекеттік тілде білім алушы студенттер саны 2,5%-ға артқан. Мемлекеттік тілде білім алушы студенттердің ең аз саны Солтүстік Қазақстан облысына *(24,0%)* және Қостанай облысында *(23,7%)*.

2015 жылы жоғары білім беру жүйесінде студенттердің университеттен шығып кетуі алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,1%-ға азайған. Білім алушылардың университеттен шығып қалуының төмендеуі педагогикалық ұжымның соны ескертетін жүйелі жұмысын көрсетеді. Бұл өз кезегінде жоғары білікті мамандарды сапалы түрде дайындауға және экономиканың әр түрлі саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға ықпал етеді.

Жоғары оқу орындарының мәліметі бойынша, студенттердің студент қатарынан шығып қалуының негізгі себебі қаржылық қиындықтар *(29,2%)*. Студенттердің өз қалауымен оқудан шығуы *(17,4%)* және басқа оқу формаларына ауысуы *(15,5%)* білім алушылардың өмірлік стратегияларының өзгерісінен хабар береді.

Оқу процесіне байланысты себептермен шығып қалған студенттер үлесі жоғары боп қалуда *(оқу тәртібін бұзу – 9,6%, үлгермеушілік – 7%)*.

Магистранттарды дайындау ғылыми-педагогикалық және профильдік бағыттар бойынша жүргізіледі. 2014 жылы магистранттар контингенті 32527 адамды құрады, олардың 16220-сы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алады. Коммерциялық негізде білім алушылар контингенті 16307 адамды құраған, соның ішінде 416 магистрант кәсіпорындар қаражаты есебінен білім алуда. 403 магистрант *(1,2%)* өзге мемлекет азаматтары болып табылады. 2014 жылғы түлектер 15880 адамды құрады, олардың диссертация қорғағандары 14653 түлек немесе 92%.

Әсемгүл БЕКМУХАМЕТОВА,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты

(Жалғасы бар)

http://jasqazaq.kz/wp-content/uploads/2016/11/46-pdf.pdf